

Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етудің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 27 қаңтардағы N 67 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 6.3.3-тармағын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етудің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Орталық атқарушы органдар Бағдарламаның уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін және жыл сайын 20 шілдеден және 20 қаңтардан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне олардың іске асырылу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жыл сайын 1 тамызға және 1 ақпанға Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 2 7 қ а ң т а р д а ғ ы

N 6 7 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігін
және еңбекті қорғауды қамтамасыз етудің
2005-2007 жылдарға арналған
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Бағдарламаның паспорты

Атауы	Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етудің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы
Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының
6.3.3-тармағы	
Әзірлеушілер	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
Бағдарламаның мақсаты	Қызметкерлердің қауіпсіз еңбек жағдайларына құқықтарын қамтамасыз ету
Негізгі міндеттері	Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды нормативтік құқықтық қамтамасыз ету; еңбекті қорғауды басқару жүйесін жетілдіру; қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында ақпараттық қамтамасыз ету; еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау туралы заңнаманың сақталуын мемлекеттік қадағалау мен бақылау жүйесін институционалдық дамыту; еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды ғылыми қамтамасыз ету; еңбек қатынастары саласындағы халықаралық ынтымақтастық
Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері	Бағдарламаны қаржыландыру кәсіпорындардың өз қаражаты, халықаралық және қоғамдық ұйымдар қаражаты мен республикалық бюджет қаражаты есебінен: 174838,8 мың теңге көлемінде, оның ішінде:

2005 жылы - 64449,0 мың теңге;
2006 жылы - 79359,7 мың теңге;
2007 жылы - 31030,1 мың теңге
мөлшерінде жүзеге асырылатын болады.

2006-2007 жылдары Бағдарламаны іске асыру үшін қажетті бюджет қаражатының көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетті қалыптастыру

кезінде нақтыланатын болады

Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны іске асыру
2007 жылдың аяғына:
еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізудің тиімділігін арттыруға;
еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы заңнаманың сақталуын бақылауды күшейтуге;
еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу және бекіту кезінде бірыңғай талаптар белгілеуге;
республика ұйымдарында ХЕҰ ұсынған ХЕҰ-ЕҚБЖ 2001 ILO-OSH 2001 "Еңбек қауіпсіздігін басқару жүйелері жөніндегі басшылыққа" сәйкес еңбекті қорғауды басқару жүйесін енгізуге;
өндірістік жарاقاتтану және кәсіптік аурулар деңгейін 2-3 пайызға төмендетуге;
санитарлық-гигиеналық нормаларға жауап бермейтін жағдайларда жұмыс істейтіндер санын 5-6 пайызға азайтуға;
жұмыс уақытының өндірістік емес шығындарын 4-5 пайызға қысқартуға;
өндірісте зардап шеккендерді емдеуге, оңалтуға және зиянды өтеу шығыстарын 5-6 пайызға азайтуға мүмкіндік береді.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етудің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 6.3.3-тармағының негізінде әзірленді.

Бағдарлама аса маңызды жалпы мемлекеттік проблемаларды шешуге, республика халқының денсаулығын жақсартуға, оның өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыруға, еңбекті қорғау мен еңбек қауіпсіздігін жетілдіруге бағдарланған және Қазақстан Республикасы Конституциясының әр азаматтың қауіпсіздік және гигиена талаптарына жауап беретін еңбек жағдайларына құқығын белгілейтін 24-бабын іске асыруға б а ғ ы т т а л ғ а н .

"Қазақстан-2030" Даму стратегиясына сәйкес Қазақстан азаматтарының денсаулығы ұзақ мерзімді басымдықтардың бірі болып табылады.

Әлемдік тәжірибе ел халқының денсаулығына әсер етуші маңызды фактор - мемлекеттің ауруларды болдырмау жөніндегі қадамдары екенін көрсетіп отыр.

Халықаралық Еңбек Ұйымының (бұдан әрі - ХЕҰ) деректері бойынша жыл сайын әлемнің барлық елдерінде өндірісте шамамен 270 миллион жазатайым оқиға және 160 миллион кәсіптік ауру тіркеледі, оның ішінде өндірісте екі миллионнан астам адам қ а й т ы с б о л а д ы .

Өндірістегі жазатайым оқиғалар мен кәсіптік аурулар орасан зор материалдық зиян келтіреді және адамдар өмірін әкетеді.

Бұл саладағы қызмет дамушы әлем мен экономикасы ауыспалы елдерде білім мен ақпараттың жетіспеушілігінен қиындап отыр. Инвестициялық шешімдер көбінесе, еңбекті қорғау және еңбек гигиенасы немесе қоршаған ортаны қорғау мәселелерін е с к е р м е с т е н қ а б ы л д а н а д ы .

Өндірістегі жазатайым оқиғалардың пайда болуы және олардың халықтың денсаулығы мен ел экономикасына әсерінің жалпы әлемдік заңдылықтарынан Қ а з а қ с т а н да сы р т қ а л ғ а н ж о қ .

Бүгінде, экономиканы реформалау және өндірістің өрлеу жағдайларында, қызметкерлер қауіпсіздігін тікелей кәсіпорындарда қамтамасыз ету проблемалары айқын көрініп отырған республика ұйымдарындағы еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғаудың жай-күйі ерекше алаңдатушылық туғызады.

1. Еңбек қауіпсіздігінің және еңбекті қорғаудың қазіргі жай-күйін талдау

Қазақстанда жүргізіліп жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғаудың көптеген проблемаларын, еңбек жағдайларының нашарлауын, өндірістік жарақаттану мен кәсіптік аурудың жоғары көрсеткіштерін а й қ ы н д а п о т ы р .

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша 2003 жылы өнеркәсіп, құрылыс, көлік және байланыс, денсаулық сақтау және ғылым мекемелерінде 1286,8 мың адам зиянды және қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс і с т е г е н .

247,9 мың адам немесе жалпы жұмыспен қамтылғандар қатарындағы әрбір бесінші адам (19,3%) осындай қызмет түрлерінде рұқсат етілетін нормаларға жауап бермейтін, қолайсыз еңбек жағдайларында жұмыс істеген. Олардың әрбір үшіншісі (35,8%) - шу және діріл деңгейі жоғары, әрбір екіншісі (48,7%) - жұмыс аймағындағы ауаның жоғары шаңды және газды әсері, әрбір бесінші (19,8%) - қолайсыз температуралық режим жағдайларында жұмыс істеген.

2003 жылы 33,8 мың қызметкер адам ағзасын күрделі патологиялық өзгерістерге шалдықтыратын ауыр қол жұмысын орындаған; олардың 7,9 пайызы әйелдер. Қауіпсіздік талаптарына жауап бермейтін жабдықтарда әрбір оныншы адам (10,1%) ж ұ м ы с і с т е г е н .

Мемлекеттік гендерлік саясаттың маңызды мәселесі еңбек жағдайлары зиянды және қауіпті жұмыстарда істейтін әйелдердің санын қысқарту болып табылады. Әйелдер арасында әрбір оныншы әйел (62,2 мың адам) санитарлық-гигиеналық талаптарға жауап бермейтін жағдайларда жұмыс істеген, олардың 40 пайызы (24,9 мың адам) шаңды және газды ортада еңбек еткен.

Еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғау саласындағы істердің қолайсыз жағдайы туралы экономиканың осы салалары ұйымдарындағы қолайсыз еңбек жағдайларындағы жұмысы үшін жеңілдіктер мен өтемақыларды пайдаланатын қызметкерлердің саны туралы деректер куәландырады. 2003 жылы жеңілдіктер мен кепілдіктер тек 461,6 мың адамға берілді.

2003 жылы еңбекті қорғау іс-шаралары мен зиянды және қауіпті еңбек жағдайы туралы жұмысы үшін берілетін жеңілдіктер мен өтемақыларға 12538,8 млн. теңге жұмсалды, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 11,4 пайызға артық.

Өндірістік жарақаттанудың динамикасы кейінгі үш жылда өндірісте жыл сайын үш мыңнан астам жазатайым оқиғаға жол берілетінін, адам өлімімен аяқталатын зардап шегушілер санының жоғары деңгейде сақталғанын көрсетеді. 2001 жылы өндірісте - 307 адам, 2002 жылы - 355 адам, 2003 жылы - 315 адам қаза тапты.

Еңбек жағдайлары зиянды және қауіпті жұмыстарда істейтін қызметкерлер саны 2001 жылы - 1251 мың адамды, 2002 жылы - 1281 мың адамды, 2003 жылы - 1286,8 м ы ң а д а м д ы құ р а д ы .

Кәсіптік ауру бойынша зиян шеккендердің (бірінші рет анықталғандардың) саны

2001 жылы - 378 адамды, 2002 жылы - 431 адамды, 2003 жылы - 392 адамды құрады.

Түрлі салалардағы жарақаттану себептерінің өз ерекшеліктері бар, бірақ: жұмыс өндірісін қанағаттанғысыз ұйымдастыру, еңбек және өндіріс тәртібін бұзу, жұмыстың қауіпсіз тәсілдеріне үйретудің жеткіліксіздігі, қауіпсіздік техникасының талаптарын бұзу барлығына ортақ болып табылады.

Экономика салалары ұйымдарындағы өндірістік жарақаттанудың өсуіне еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғау саласындағы заңнамалық және нормативтік базаның жетілдірілмеуі, оның экономикалық реформалар қарқынынан қалыс қалуы айтарлықтай деңгейде ықпал етеді. Республикада нормалары нарықтық экономиканың талаптарына жауап бермейтін, өткен ғасырдың жетпісінші және сексенінші жылдары кезеңінде әзірленген нормативтік құқықтық кесімдер осы уақытқа дейін қолданылуда.

Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы істің қолайсыз жағдайларының басты себептерінің бірі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында ғылыми зерттеулердің жоқтығы болып табылады. Министрліктер тарапынан сияқты, жұмыс берушілер тарапынан да қабылданып жатқан еңбекті қорғау жөніндегі экономикалық, құқықтық және ұйымдық-техникалық іс-шаралар ғылыми негіздемемен жеткілікті нығайтылмаған.

Республиканың көптеген ұйымдарында еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау қызметтері жоқ, осындай қызметтері бар ұйымдарда олар әлсіз немесе біліктілігі жеткіліксіз мамандармен жасақталған.

Нәтижесінде, жұмыс орындарында қызметкерлерді жұмыстың қауіпсіз тәсілдеріне үйретудің және қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқамалар жеткілікті сапалы жүргізілмейді.

Жеткілікті тәжірибесі жоқ және өндіріс технологиясын игермеген адамдарды күрделі өндірістік процестерді басқаруға қою жағдайларына жол беріледі. Станоктардың, тетіктердің, машиналардың, жабдықтардың, өндірістік объектілердің және құрылыстардың жоспарлы - алдын алу мен күрделі жөндеулер уақтылы және сапалы жүзеге асырылмады.

Қазіргі уақытта еңбектің жағдайлары мен еңбекті қорғауға ұйымдардың экономикалық жағдайы, өндірістің материалдық-техникалық базасының жай-күйі, пайдаланылатын технологиялардың деңгейі және жұмыс істейтіндерді қорғау жөніндегі ғылыми-техникалық және экономикалық-құқықтық институттардың дамуы айтарлықтай әсер етеді.

Өндірістерді, оның ішінде өнеркәсіптің базалық салаларының объектілерін техникалық қайта жарақтандыру өте баяу қарқынмен жүзеге асырылуда.

Негізгі өндірістік қорлардың қолайсыз жоғары тозуы (2003 жылдың басында негізгі қорлардың тозу дәрежесі тау-кен өнеркәсібінде - 25,4%, химия өнеркәсібінде - 38,4%, металлургияда - 39,5% құрады), сондай-ақ ұйымдарды қалпына келтіру, техникалық қайта жарақтандыру жөніндегі шектеулі инвестициялық мүмкіндіктер жағдайларында

республикада өндіріс қалдықтарының қоршаған орта мен тұрғын халық үшін қауіптілігін арттыратын теріс үрдіс пайда болды.

Сондықтан, өнеркәсіп қатерлерін бақылауды және төмендетуді қамтамасыз ететін техникалық шешімдерді іздеу ерекше көкейкесті болып табылады. Бұл проблеманы шешудің неғұрлым перспективалық және экономикалық жағынан негізделген тәсілдерінің бірі жетілдіру, ал шын мәнісінде еңбекті қорғауды басқарудың - еңбек қауіпсіздігіне жету үшін шектеулі материалдық және қаржы ресурстарын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ететін және қауіпсіз технологияларды әзірлеуді және енгізуді экономикалық ынталандыратын жүйесін құру болып табылады.

2. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты қауіпсіз еңбек жағдайларына қызметкерлердің құқықтарын қамтамасыз ету болып табылады.

Бағдарлама еңбек жағдайларын жақсартуды және өндірістік қатерді төмендетуді қамтамасыз ететін өндірістік, ғылыми-зерттеу, әлеуметтік, экономикалық, ұйымдық және басқа да іс-шаралар кешенін танытады, оларды іске асыру тиісті материалдық және қаржы ресурстары, білікті орындаушылар болғанда ғана мүмкін болады.

Бағдарламаның негізгі міндеттері:

еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды нормативтік құқықтық қамтамасыз ету;
еңбекті қорғауды басқару жүйесін жетілдіру;
қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту;
еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында ақпараттық қамтамасыз ету;
еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау туралы заңнаманың сақталуын мемлекеттік қадағалау мен бақылау жүйесін институционалдық дамыту;
еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды ғылыми қамтамасыз ету;
еңбек қатынастары саласындағы халықаралық ынтымақтастық болып табылады.

3. Бағдарламаның негізгі бағыттары және оны іске асыру тетігі

Негізгі бағыттар өндірісте қолайлы еңбек жағдайларын, өндірістік жарақаттануды болдырмауды және оның алдын алуды, құқықтық, ұйымдық-техникалық және әлеуметтік-экономикалық шараларды әзірлеу және іске асыру есебінен еңбек процесінде адамның денсаулығы мен өмірінің сақталуын қамтамасыз етуді көздейді.

Республиканың ДСҰ-ға кіруіне әзірлікке байланысты республикада қолданылатын нормативтік құқықтық кесімдерді халықаралық талаптармен сәйкестікке келтіру, стандарттау саласындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелерінде заңнама жүйесін қалыптастыру қажет.

Нарықтық экономикасы бар көптеген елдердегі тәжірибенің алуан түрлерінің

арасында ең тиімдісін мыналар қамтамасыз етеді:

республика ұйымдарында өнеркәсіп қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау санасындағы менеджмент жүйесін - OHSAS-18001 халықаралық стандарты және ХЕҰ-ЕҚБЖ 2001 ILO-OSH 2001 "Еңбекті қорғауды басқару жүйелері жөніндегі басшылыққа" сәйкес ХЕҰ ұсынған еңбекті қорғауды басқару жүйесін енгізу;
өндірістік объектілерге еңбек жағдайлары бойынша аттестаттауды жүргізу.

Бағдарламалық іс-шаралар жүйесі мынадай негізгі бағыттар бойынша жұмыстарды б і р і к т і р е д і :

3.1. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды нормативтік құқықтық қамтамасыз ету;

3.2. Еңбекті қорғауды басқару жүйесін жетілдіру;

3.3. Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында ақпараттық қамтамасыз ету;

3.4. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау туралы заңнаманың сақталуын мемлекеттік қадағалау мен бақылау жүйесін институционалдық дамыту;

3.5. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды ғылыми қамтамасыз ету;

3.6. Еңбек қатынастары саласындағы халықаралық ынтымақтастық.

3.1. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды нормативтік құқықтық қамтамасыз ету

Нормативтік құқықтық кесімдерді жетілдіру үшін бұрынғы КСРО министрліктері мен ведомстволары бекіткен, көпшілігі өзінің құқықтық мәнін жоғалтқан, қазіргі талаптарға сәйкес келмейтін еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдерге өзгерістер енгізу көзделіп отыр.

2005-2007 жылдардың барысында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік-құқықтық кесімдерді халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес әзірлеу жөнінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу бойынша іс-шаралар ж о с п а р л а н д ы .

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында әзірленетін стандарттарды Достастық елдерінің өнеркәсіптік қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау сапасы жүйелерінің стандарттарына сәйкес келу бөлігінде жүйелеу жөнінде жұмыс жүргізілетін болады.

Сапаның халықаралық стандарттарының және экологиялық менеджмент талаптарына бейімделген технологиялық процестерді ұйымдастыру және өндірістік жабдықтау бойынша санитарлық нормалар мен ережелерді әзірлеу жалғастырылады.

3.2. Еңбекті қорғауды басқару жүйесін жетілдіру

Еңбекті қорғауды басқару, тиімділігі жоғары ұжымдық және жеке қорғау құралдарын әзірлеуді және өндіруді дамытуды қоса алғанда, еңбекті қорғау жөніндегі техникалық құралдарды өндіру жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі шараларды белгілеу көзделеді.

Басқару жүйесін жетілдіру практикалық нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін ұйымдық, ғылыми, технологиялық және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелердің орындалуын көздейді.

О с ы м а қ с а т т а р д а :

республиканың өндірістік ұйымдарында халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес еңбекті қорғауды басқару жүйелерін енгізуге ықпал ететін салаішілік іс-шараларды жүргізу;

өндірістік ұйымдарда еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі қызметтер к ұ р у ;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау және өндірістік жарақаттанушылық жөнінде мониторинг жүргізу;

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің web-сайтын еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері жөніндегі бөліммен толықтыру;

ұйымдарда еңбек жағдайлары бойынша аттестаттауды өткізуді қамтамасыз ету және оның нәтижелері жөнінде ақпарат әзірлеу қажет.

Жұмыс орындарын аттестаттау нәтижелері жұмыс берушілерге ұйымдағы еңбек жағдайларын жақсарту және сауықтыру, технологияларды жақсарту, жаңа техниканы енгізу, жеке және ұжымдық қорғау құралдарын қолдану жөніндегі, еңбекті қорғау, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге, кейін оларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

3.3. Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы ақпараттық қамтамасыз ету

Еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі негізгі бағыттарды іске асыру еңбекті қорғауды басқару жүйесі мамандарының біліктілігін арттыруды талап етеді.

Б ө л і м д е :

жұмыс берушілер мен қызметкерлер, басшылар мен мамандар үшін еңбек қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және еңбек гигиенасы саласында біліктігін арттыру курстарын ұйымдастыру;

еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғау жөніндегі анықтамалық әдебиетті,

плакаттарды, брошюраларды, бейнефильмдер мен жарнамалық таспалар әзірлеуді
ж ү з е г е а с ы р у ;

ұйымдар арасында еңбекті қорғау, өнеркәсіптік санитария, өндіріс қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі жөніндегі жұмысты үздік ұйымдастыруға байқаулар жүргізу;

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мемлекеттік еңбек инспекторларын оқытуды жүргізу жөніндегі нормативтік құқықтық кесімді әзірлеу;
кәсіптер мен жұмыс түрлері бойынша оқыту және олар бойынша білімдерін тексеру жөнінде компьютерлік және мультимедиялық бағдарламалар әзірлеу белгіленіп отыр.

3.4. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы заңнаманың сақталуын мемлекеттік қадағалау және бақылау жүйесін институционалдық дамыту

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы заңнаманың сақталуын мемлекеттік қадағалау және бақылау жүйесін институционалдық дамыту шеңберінде:

жұмыс берушілер мен қызметкерлер ұйымдарының халықаралық ұйымдармен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы ынтымақтастық мәселелері жөніндегі байланысын қамтамасыз ету;

министрліктің аумақтық бөлімшелерінің мемлекеттік еңбек инспекторларын компьютерлік техникамен қамтамасыз ету;

мемлекеттік еңбек инспекторларын бақылау-өлшеу аспаптарымен және тіркеу жабдығымен қамтамасыз ету;

қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына қоғамдық бақылаудың жүзеге асырылуына жәрдемдесу көзделіп отыр.

Өңірлік деңгейде еңбек заңнамасының сақталуын мемлекеттік қадағалау мен бақылауды, қызметкерлердің еңбек құқықтарын қорғауды жақсарту алда тұр.

3.5. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды ғылыми қамтамасыз ету

Бұл бағытта еңбекті қорғауды ғылыми қамтамасыз етуді қалпына келтіру және дамыту, ғылымның өндіріске кірігуі, еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік құжаттарды жетілдіру жөнінде іс-шаралар әзірлеу жоспарланып отыр.

О с ы м а қ с а т т а :

құрылған "Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының базасында еңбек шарттарын, қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды ғылыми зерттеулерді жүргізу ;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу үшін "Қазақстан Республикасы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын компьютерлермен, ұйымдастыру техникасымен және бақылау-өлшеу аспаптарымен жарақтандыру;

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жанындағы Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ақпараттық орталықтың жұмысын жетілдіру қажет.

3.6. Еңбек қатынастары саласындағы халықаралық ынтымақтастық

Еңбек қатынастары саласындағы халықаралық ынтымақтастық мыналарды:

Халықаралық Еңбек ұйымымен, Еңбек инспекцияларының халықаралық қоғамдастығымен, басқа да мемлекеттермен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіру жөнінде өзара іс-қимыл жасауды;

халықаралық ұйымдардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері жөніндегі жобаларын әзірлеуге және оларды іске асыруға қатысуды;

еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы мемлекетаралық, үкіметаралық және ведомствоаралық шарттар мен келісімдердің жобаларын әзірлеуге қатысуды;

ХЕҰ-ның бекітілген конвенциялары бойынша баяндамалар дайындауды көздейді.

4. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері

Бағдарламаны қаржыландыру кәсіпорындардың өз қаражаты, халықаралық және қоғамдық ұйымдар қаражаты мен республикалық бюджет қаражаты есебінен: 174838,8 мың теңге көлемінде, оның ішінде:

2005 жылы - 64449,0 мың теңге;

2006 жылы - 79359,7 мың теңге

2007 жылы - 31030,1 мың теңге көлемінде жүзеге асырылады.

2006-2007 жылдары Бағдарламаны іске асыру үшін қажетті бюджет қаражатының көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетті Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады.

5. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде өндірістегі зиянды және қауіпті өндірістік факторлар әсерінің едәуір төмендеуі күтіледі. Қауіпсіз еңбек жағдайларын туғызу өндірісті қайта құру мен техникалық қайта жарақтандыру, жұмыс берушілердің мүдделілігі мен жауапкершілігін арттыру және қазақстандық ұйымдардың

халықаралық стандарттарға жеделдетіп көшуіне жәрдемдесу есебінен жүзеге асыратын
б о л а д ы .

Бағдарламаны іске асыру 2007 жылдың аяғына қарай:

нарықтық экономиканың талаптары мен халықаралық стандарттарды ескере отырып, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында түбегейлі жаңа заңнамалық, нормативтік және құқықтық базаны құруға;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы ғылыми зерттеулер көлемін ұлғайтуды және олардың жетістіктерін өндіріске енгізуді қамтамасыз етуге;

жұмыс істеушілерді арнайы киім, арнайы аяқ киім және өзге де жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз етуді жақсартуға, қызметкерлерге арналған жаңа санитарлық-тұрмыстық үй-жайлардың салынуын және қолданыстағыларын кеңейтуді ұйымдастыруға, ұйымдарды халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жаңа техникалық құралдармен, қауіпсіздік және бақылау аспаптарымен жарақтандыруды жеделдетуге ;

мемлекеттік еңбек инспекторларының бақылау-қадағалау функцияларын жетілдіруге, мемлекеттік еңбек инспекцияларының аумақтық бөлімшелерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы заңнаманың сақталуын бақылауды күшейтуге ;

республиканың өндірістік ұйымдарына ХЕҰ-ЕҚБЖ 2001 ILO-OSH 2001 "Еңбекті қорғауды басқару жүйелері бойынша басшылыққа" сәйкес ХЕҰ ұсынған еңбекті қорғауды басқару жүйелерін енгізуге;

өндірістік жарақаттану және кәсіптік аурулар деңгейін 2 - 3 % - ға төмендетуге ;

санитарлық-гигиеналық нормативтер талаптарына жауап бермейтін жағдайларда жұмыс істейтіндердің санын 5-6%-ға азайтуға;

жұмыс уақытының өндірістік емес шығындарын 4-5% қысқартуға; өндірісте зардап шеккендерді емдеуге, оңалтуға және зиянды өтеу шығыстарын 5-6% азайтуға мүмкіндік береді.

6. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

N p/c	Іс-шара	Аяқ-талу нысаны	Орын-дауға жау-аптылар	Орын-далу мерзімі	Болжалды шығыстар (мың теңге)	Қаржы-ландыру көздері
1	2	3	4	5	6	7
1.	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды нормативтік құқықтық қамтамасыз ету					

1.1	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөнінде саларалық кесімдер әзірлеу бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу	Бұйрықтар	Еңбек-мині, ТЖМ, ДСМ	4-тоқсан, жыл сайын	2005 ж.- 10200,0 2006 ж.- 10200,0 2007 ж.- 10200,0	Респуб-ликалық бюджет
1.2	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу	Бұйрықтар	Еңбек-мині, АШМ, ККМ, ЭМРМ, БҒМ, ИСМ	4-тоқсан, 2006-2007 ж.ж.	2006 ж.- 17300,0 2007 ж.- 16300,0	Респуб-ликалық бюджет
1.3	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында әзірленетін стандарттарды Достастық елдерінің өнеркәсіптік қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау сапасы жүйелерінің стандарттарына сәйкес келу бөлігінде біріздендіру. Сапаның халықаралық стандарттарының және экологиялық менеджмент талаптарына бейімделген технологиялық процестерді ұйымдастыру және өндірістік жабдықтар бойынша санитарлық нормалар мен ережелерді әзірлеуді жалғастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ, Еңбек-мині, ТЖМ ДСМ	4-тоқсан, жыл сайын	Талап етпейді	
2. Басқару жүйесін жетілдіру						
	Өндірістік ұйымдарында халықаралық стандарттардың талаптарына	Қазақстан				

2.1	сәйкес еңбекті қорғауды басқару жүйелерін енгізуге және өндірістік ұйымдарда еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау қызметін кұруға ықпал ететін салаішілік іс-шараларды дайындау	Республикасының Үкіметіне ақпарат	Еңбек-мині, АШМ, ККМ, ЭМРМ, БҒМ, ИСМ, МАСМ	4-тоқсан, жыл сайын		Ұйымдар қаражаты
2.2	Еңбек жағдайлары бойынша ұйымдарда өндірістік объектілерді аттестаттауды жүргізуді қамтамасыз ету және оның нәтижесі бойынша ақпарат дайындау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Еңбек-мині, АШМ, ККМ, ЭМРМ, БҒМ, ИСМ, МАСМ	4-тоқсан, жыл сайын		Ұйымдар қаражаты
2.3	Еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі жөнінде мониторинг жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Еңбек-мині	4-тоқсан, 2006 ж.	Талап етпейді	
2.4	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің web-сайтын еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері жөніндегі бөліммен толықтыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Еңбек-мині	2-тоқсан, 2006 ж.	2006 ж. - 300,0	Республикалық бюджет
3. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша қызметкерлерді оқыту Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласын						

ақпараттық қамтамасыз ету						
3.1	Жұмыс берушілер мен қызметкерлер, басшылар мен мамандар үшін еңбек қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және еңбек гигиенасы саласында біліктілік арттыру курстарын ұйымдастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	БҒМ, Еңбек-мині, ТЖМ, ДСМ	Қараша, жыл сайын		Ұйымдар қаражаты
3.2	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері жөнінде анықтама-лық әдебиетті, плакаттарды, брошюораларды, бейнефильмдер мен жарнамалық таспаларды әзірлеуді жүзеге асыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Еңбек-мині	Қыркүйек, 2006-2007 ж.ж.	2006 ж.- 5034,0 2007 ж.- 4530,1	Республикалық бюджет
3.3	Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік санитария, өндіріс қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі бойынша ұйымдар арасында ең жақсы ұйымдас-тырылған жұмысқа байқау конкурстарын өткізу	Конкурс өткізу	Еңбек-мині, Жұмыс берушілер мен қызметкерлердің республикалық бірлестіктері	4-тоқсан, жыл сайын		Қоғамдық ұйымдардың қаражаты
3.4	Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мемлекеттік еңбек инспекторларын оқытуды жүргізу жөніндегі нормативтік құқықтық кесімді әзірлеу	Бұйрық	Еңбек-мині	Қараша, 2005 ж.	Талап етпейді	
	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы кәсіптер мен жұмыс түрлері бойынша оқыту	Қазақстан Республика-	Еңбек-мині, АШМ, ККМ,	4-тоқсан,		

3.5	және білімдерін тексеру жөнінде компьютерлік және мультимедиялық бағдарламалар әзірлеу	сының Үкіметіне ақпарат	ЭМРМ, БҒМ, ИСМ, МАСМ	2006-2007 ж.ж.		Ұйымдар қаражаты
4. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы заңнаманың сақталуын мемлекеттік қадағалау мен бақылау жүйесін институционалдық дамыту						
4.1	Жұмыс берушілер мен қызметкерлер ұйымдарының халықаралық ұйымдармен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы ынтымақтастық мәселелері жөніндегі байланысын қамтамасыз ету	Бірілескен семинар-мәжілістер, дөңгелек үстелдер өткізу	Еңбек-мині	4-тоқсан, жыл сайын	Талап етпейді	
4.2	Еңбекминінің аумақтық бөлімшелерінің мемлекеттік еңбек инспекторларын компьютерлік техникамен қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Еңбек-мині	4-тоқсан, 2006 жыл	41387,7	Респуб-ликалық бюджет
4.3	Мемлекеттік еңбек инспекторларын бақылау-өлшеу аспаптарымен және тіркеу жабдықтарымен қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Еңбек-мині	4-тоқсан, 2005 ж.	21024,0	Респуб-ликалық бюджет
5. Еңбек қауіпсіздігі мен						

еңбекті қорғауды ғылыми қамтамасыз ету	"Еңбек қауіпсіздігі жөніндегі республикалық ғылыми зерттеу институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын компьютерлермен, ұйымдастыру техникасымен және бақылау-өлшеу аспаптарымен жаратқандыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Еңбек-мині	4-тоқсан, 2005 ж.	33225,0	Республикалық бюджет
5.2	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау ақпараттық орталығының дамуын қамтамасыз ету (Халықаралық еңбек ұйымымен (келісім бойынша) бірлесіп орталықты проекциялық жабдықтармен, проекторға арналған экранмен, түрлі-түсті принтерлермен, портативтік компьютерлермен (ноутбуктермен), көшіру аппараттарымен жаратқандыру)	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Еңбек-мині	2-тоқсан, 2006 ж.	5138,0	Республикалық бюджет, ХЕҰ қаражаты
6. Еңбек қатынастары саласындағы халықаралық ынтымақтастық	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері жөніндегі халықаралық ұйымдардың жобаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу	ХЕҰ еңбек мәселелері жөніндегі бағдарламалар	Еңбек-мині	Қажеттілігіне қарай	Талап етпейді	
6.1						

6.2	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мемлекетаралық, үкіметаралық шарттар мен келісімдер жобасын әзірлеуге қатысу	Халықаралық шарттардың жобалары	Еңбек-мині	Қажеттігіне қарай	Талап етпейді
-----	---	---------------------------------	------------	-------------------	---------------

Е с к е р т п е :

1. Республикалық бюджеттен талап етілетін қосымша қаражаттың барлығы - 174838,8 мың теңге, оның ішінде: 2005 ж. - 64449,0 мың теңге; 2006 ж. - 79359,7 мың теңге; 2007 ж. - 31030,1 мың теңге.

2. Әріптік аббревиатуралардың толық жазылуы:

Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;

ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі;

БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі;

ТЖМ - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі;

ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі;

ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі;

МАСМ - Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі;

ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі;

АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі.